

Вс 22
1) 24 шығар

ISSN 1563-0269
Индекс 75871; 25871

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК


ФИЛОЛОГИЯ
СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

АЛМАТЫ

№8-9 (98-99)

2006



Ж. Абдрахманова

ОККАЗИОНАЛДЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ
КОММУНИКАТИВТІК ПРАГМАТИКАСЫ*В статье рассматривается коммуникативная прагматика
окказиональных фразеологизмов*

Қазіргі лингвистикадағы прагматикалық бағыттың қарқынды дамуы фразеологияны «адамның қандай жағдайда және қай мақсатпен сөйлеп тұрғанын ашуға талпынатын» (1;555) прагматиканың терминдерімен сипаттай отырып зерттеу үрдісінің пайда болуына себеп болады. Фразеологиялық тұлғалар (өрі қарай - ФТ) тілге ерекше экспрессия, бояу, образдылық беретін, әдебиеттегі кейіпкерді сипаттаудың бірден-бір құралы болып табылатын, сондай-ақ сөйлеушінің ойын көркем өрі бейнелі білдіруге мүмкіндік беретін айқын стилистикалық құралдардың бірі болып табылады.

Фразеологиялық тұлғалар, тұрақты тіркестер «сөйлеушінің сөз болып отырған объектіге қатынасын сипаттап, оны анықтайтын» болғандықтан (2;10), бұл бірліктердің прагматикалық қасиеттері туралы кеңінен сөз етуге негіз бар. Лингвопрагматиканың зерттеу көздері лингвистиканың антропоморфты саласында жатыр. ФТ-ның тілдік құрамының ерекше бірліктері ретіндегі антропоцентристік мәні қазіргі кезде ешкімнің күмәнін тудырмайды. Сондықтан да ФТ мен яғни жалпы фразеологизмдердің прагматикалық әлеуеті туралы өлі де жан-жақты сөз етілмей келеді.

Зерттеушілер фразеологиялық тұлғалардың прагматикалық салмағы туралы бір пікірді ұстанады. Мысалы, В.И. Карасик «фразеологизмді прагматика тұрғысынан бір жағынан сөйлеуші қай кезде қолдана сөйлейді және екінші жағынан, бұл сөйлеуші тілдік тұлғалардың қай түріне жатады дегенге назар аудара отырып қарастыруға болады» дейді (3;5).

XX ғасырдың соңғы онжылдығында фразеологтардың назары көбінесе ФТ-ның прагматикалық қасиеттеріне көп аударылды, оның ішінде Н.Ф. Алефиренконың, В.Т. Бондаренконың, Г.В. Гактың, Т.В. Гридневананың, Е.А. Добрыдневананың, В.И. Карасиктің, Т.Д. Каргинаның, А.А. Мелердің, В.М. Никоновтың, С.М. Прокопьеваның, В.Н. Эмировичаның және т.б. еңбектерінде жарық көрді. Осы бағыттағы мұндай қызығушылық пен зерттеулердің көбеюіне фразеологиядағы нақты теориялық және әдістемелік негіздеменің жаңа ғылыми парадигмасы – коммуникативтік-прагматиканың пайда болуы себеп болды деуге уәж бар. Лингвистикадағы прагматиканы зерттеумен, оның шекараларын белгілеумен бірқатар ғалымдар айналысты: Н.Д. Арутюнова (1990), Е.В. Падучева (1985), А.Г. Баранов (1993), Т.В. Булыгина (1981), В.Г. Гак (1998), Ю.С. Степанов (1981), И.П. Сусов (1984) және т.б. Прагматиканың көлеміне байланысты зерттеушілерде бірегей пікір жоқ болғандығына байланысты прагматиканы түсіну де әр түрлі болып келеді. Бұл түсінікке не кіретінін анықтап алғанды жөн көрдік: «Прагматика – адамның қатысым өрекеті аясында айтылған сөз, сөйлеуші және контекст арасындағы

қарым-қатынасты зерттейтін лингвистика аспектісі. Прагматика не үшін айтылғандығын, одан кейін не айтылу керек екендігін көрсетеді» дейді Г.В. Гак. (1; 566-567).

Фразеологизмдерді зерттеуде жаңа тәсіл болып табылатын фразеологиялық прагматика жаңа әдістерді игеруге негізделді. Осыған байланысты В.Н. Телияның пікірі мынадай: «<...> освоении новых методов описания, уделяющих пристальное внимание таким проблемам, как условия референции, прагматические функции фразеологического знака, его роль в высказывании, речевом акте и текстообразующие потенции» (4; 55).

Осылайша, фразеопрагматика ФТ қолданумен, фразеологиялық мағына мен ФТ мәнінің тілдік және сөйлеу құрамын анықтаумен, коммуникативтік процестерге бейімділігі, номинативтік тапсырмаларды орындай білу қабілетімен байланысты мәселелерді, ойдағыны айтуды ұйымдастыру барысындағы коммуникативтік және прагматикалық мақсаттарды зерттеумен айналысады.

А.И. Молотковтың айтуынша, фразеологиялық бірліктердің қолданысын зерттеу тілдік норма мен узусқа негізделіп жүзеге асуы тиіс(5;20). Осы жұмыстағы өзектілік (актуальность) ұғымын енгізу де осыған байланысты. Өзектілік терминін біз тіл-сөйлеу дихотомиясы шегінде қарастырамыз. Фразеологиялық өзектілік дегенді біз қолдану, сөйлеуде фразеологиялық бірліктерді іске асыру деп түсінеміз. Өзектілеудің қалыпты және окказионалды түрлері болады. Фразеологиялық бірліктердің қалыпты өзектіленуі – тіл тұтынушы есінде қалыпты мағына немесе жалпыға белгілі тілден тыс құралдар (ым, ишара және т.с.с) түрінде сақталатын тілдік виртуалды бірліктерді жүзеге асыру. Окказионалды өзектілік – зерттеуге қызығушылық тудырады, ол фразеологиялық бірліктерді нақты жағдайда ғана түсінікті мағынада қолдану немесе қалыпты бірліктің жағдайға қарай мағынаға ие болуы, немесе тілдік бірліктің болашақта окказионалды (жеке және жағдайға байланысты) тұрғыдан тілдік тұрғыға ауысып кетуі мүмкін жаңа мағынасының пайда болуы. Қалыптасқан лингвистикалық терминология шеңберінде қала отырып, біз жұмысымызда фразеологиялық тұлға (ФТ) және фразеологизм терминдерін синоним ретінде қолданамыз. В.В. Виноградовтың (6; 140) фразеологизмдерді классификациялау аясында қарастыра келе, ФТ түсінігіне фразеологиялық тұтастық пен бірлікті, фразеологиялық тізбекті кіргіземіз. Бұл біріншіден, біздің зерттеуіміздің мақсатына да негізделеді. Сөйлеу жанрында жазылған мәтіндердегі ФТ окказионалды өзектіліктерді (олардың әсер ету мүмкіндіктерін) коммуникативтік-прагматикалық аспектіде қарастырған жөн. ФТ категориялық белгілеріне

компоненттік құрамының тұрақтылығы, қолдануға да және басқа тілдерге сөз-бе-сөз аударуға келмейді, семантикалық тұтастығы, номинативтілігі, образдылығы, эмотивтілігі, бағаланушылығы және экспрессивтілігіне мыналар жататыны белгілі.

ФТ-ға басқа идиомалық емес мақал-мәтелдер мен қанатты сөздері бар мәтіндерді кіргіздік. Себебі, 1) қайталама комикалық сөйлеу жанрлары мәтіндерінде окказионалды өзектілеуге түсіп, идиоматикалық емес сипаттағы мақалдар мен қанатты сөздер функциясы жағынан фразеологизмдерге жақындасып, олардың негізі болады; 2) фразеологиялық қордың ядросына кірмей бұл тұрақты сөздік кешендер фразеологиялық өрістік модельдің сыртқы аймақтарына жатады және фразеологизмдер-идиомалар тәрізді, тұрақтылық, бөлек құралу, туындылық, образдылық, бағаланушылық, эмотивтік және экспрессивтілік қасиеттерге ие (7:25).

Фразеологияның даму тарихы зерттеушілердің көркем әдебиет мәтіндеріндегі ФТ зерттеуге қызығушылықтарының тұрақты әрі үздіксіз болуымен сипатталады (Абердина Р.Д., 1982, 1992; Алтыбаева А.А., 1977; Богданова А.Ф., 1996; Бойко О.В., 1980; Ефимов А.И., 1954; Ломов А.Г., 1987; Наумов Э.Б., 1973; Проскуряков М.Р., 1995; Шулежкова С.Г., Сальникова О.Г., 1975), себебі коммуникативтік және прагматикалық тұрғыдан көркем әдебиет ФТ зерттеудің бай және таусылмас көзі болып табылады. Оны Будагов та айтады: «<...> здесь речь должна идти не об изучении языковой структуры ради самой этой структуры, а о том, как с помощью подобной структуры <...> писатель воздействует на своих читателей, то что им показывает, в чем их убеждает или разубеждает» (8:7). Бұл әсіресе сөйлеу жанрындағы мәтіндерге қатысты өзекті болады. Осылайша, ФТ потенциалын, окказионалды өзектіленуін мәтінде қалыптасуындағы, лингвистикалық тұрғыдағы мүмкіндіктерін зерттеу сөйлеудің адресатқа жиі әсер ететін сұрақтарымен айналысатын прагматикамен тығыз байланысты. Сөйлеудің коммуникативтік-прагматикалық тиімділігі экспрессивті-эмоционалдық әсер ету дәрежесі мен оның қайнар көздеріне байланысты. Сөйлеу жанрындағы мәтіндер арқылы қарым-қатынас жасау кезіндегі комикалық әсер арнайы тілдік құралдарды таңдау негізінде жүзеге асырылады, олардың ішінде фразеологизмдер бөлек тұрады. Фразеологизмді тандап алғанда және де ФТ окказионалды өзектілік әдістерін қолданғанда, вербалданған шындық ассоциациялар арқылы көрініп, ол тыңдаушыға эмоционалдық қатынасын көрсетуге себеп болғандықтан, пайдаланушы автор сол арқылы қосымша ақпаратты білдіреді. Мысалы: «Балғынбаев мырза, басыңнан бал тамып, маңдайыңнан мұнай атқылап тұрса да, мен сені бір күн ұстамаймын, егер үкіметтің Ана тілімді аяқасты ете беретіні болса!» - деп. (9: 227). Осы мысалдағы басынан бал таму қалыпты фразеологиялық бірлік бармағынан бал тамған 'бес аспан шебер, көп өнер иесі' (ҚТФС.10:94) деген мағынаға антонимдік қарама-қайшылықта беріліп тұр. Осы тіркеске маңдайыңнан мұнай атқылап тұру қосымша компоненті қосылып, сөйлемге экспрессивті реңк үстеп, мағынасын аша түседі.

Н.Ф. Алефиренконың айтуынша, фразеологизмдерді коммуникативтік-прагматикалық тұрғыдан зерттеу лингвистикалық және экстралингвистикалық қарым-қатынастарды тұтасымен түсіну дегенді білдіреді, яғни ФТ фразеологиялық мағына мен мәннің тілдік және сөйлеу құрамдас бөліктерін белгілі коммуникативтік-прагматикалық жағдай шеңберінде анықтау (11:3-4). Фразеологияға сипаттама берудің бұл тәсілі коммуникативтік процестің қос қатысушысының да «мүдделерін» ескеруді талап етеді. Зерттеушілер ФТ семантикасында сөйлеушінің коммуникативтік ойын білдіріп тұратын тиісті қарым-қатынас ситуациясы туралы мәліметтердің болатынына күмән келтірмейді. Сонда ФТ прагматикалық қасиеттері қарым-қатынастың узуалды ережелеріне негізделеді, ал ол болса сөйлеушінің номинативті тіл құралдарынан фразеологизмдерді таңдауына негіз болады.

В.М. Никонов фразеологиялық тұлғалардың прагматикалық потенциалын сөз ете келіп, тілдің бұл бірліктерінің А.А. Леонтьевтің (12:79) аталған үш психологиялық міндеттерін (оларға лингвопрагматика да зерттеушілік қызығушылық танытады) шешуге мүмкіндік береді: 1) мәтінге назар аудару; 2) мәтінді қабылдауды жақсарту; 3) текст мәтінін реципиентпен қабылдау. В.М. Никонов айтып өткендей, ФТ табиғатының өзі оны күлдіргі әсерге жеткізетін тілдік құрал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді; біріншіден, эмоционалдық мазмұнына байланысты (ал күлкіні келтіру дегеніміз эмоция келтірумен бірдей); екіншіден, өзінің ерекшелігіне байланысты – ФТ жалпы фонда ерекшеленіп, өзіне назар аудартып тұрады; және де фразеологиялық құрамның корпусының өзі күлдіргі әсерге бағытталған бірлік ретінде қалыптасып, тілде орын алған (бұған дәлел фразеологиялық сөздіктердегі «өзіл», «ирон.» деген белгілер), я болмаса, «күлдіргі әсерге жеткізудің базасы болып табылатын сөздердің семантикалық тұтастығын әдейі бұзу нәтижесінде» пайда болған бірліктерден тұрады (13:13). Сөйлеу жанрлы мәтіндерінде ФТ болуы күлдіргі әсердің негізі болып табылады. Мысалы: *Көкшіл көзді, жез мұртты Жұмаштың ешкімге зияны жоқ, былайша айтқанда жаман жігіт емес. Бірақ, кейде сүтке ептеп су қосып жіберетіні бар.* (14:52). Осы сөйлемде автор комикалық әсер туғызу мақсатында *отқа май құю 'дау-дамайлы жайды өршіте түсті, жел берді'* (ҚТФС, 10-422) секілді қалыпты фразеологизмге ұқсас комикалық окказионал фразеологизмін тудырып отыр. Бұл *сүтке ептеп су қосу* окказионал ФТ аңдасанда өтірік айтып жібереді деген мағынаны білдіреді.

В.Н. Телия келтіретін факті де ФТ жүктемелігі туралы айтады: ФТ өзінше бір микроконтекст болып табылады, өйткені бұл бірліктерді айтылатын ой құрамына енгізсе, олар барлық жағынан – денотативті (референциалды), бағалау, мотивациялық, стилистикалық жағынан да сіңісіп, кірігіп кетеді, сондай-ақ, ФТ-да белгілі бір контексте пайдалану туралы ақпарат бар. ФТ, біріншіден, өзін көрсете білу тәсілі болса, екіншіден, бұл бірліктерді сөйлеуші өз мәртебесін растау үшін қолданады, олар әлеуметтік топ мүшелерін анықтауға да қызмет етеді. Бұл фразеологиялық тұлғаларда прагматикалық потенциалдың бар

екендігін дәлелдейді (3:7). Бұл қайталама сөйлеу жанры үшін де лайық.

Сонымен, мәтінге ФТ кіргізу арқылы автор оқырманға өсерін күшейтеді, сондай-ақ, сөз етіліп отырған фактілерге деген пікірі мен ұстанымын анық, нақты және көркем жеткізе алады. Және автор оқырманға «прагматикалық өсер» деп аталатын күшті ықпал жасауға тырысады. Прагматикалық өсердің сендіргіштігі мен пәрменділігі реципиенттің келесі сөйлеу емес реакцияларынан көрінеді, бұл өсіресе сықак, афоризмдер айту барысында анық байқалады.

1. Гак Г.В. Языковые преобразования. М.: «Языки русской культуры», 1998. 768 с.

2. Бабкин А.М. Русская фразеология: ее развитие и источники. Л.: Изд-во «Наука» Ленингр.отд-е, 1970. 263 с.

3. Карасик В.И. Прагматические функции фразеологизмов // Коммуникативно-прагматические аспекты фразеологии: Тез. докл. междунар. конф. Волгоград: «Перемена», 1999. С 5-7.

4. Телля В.Н. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. М., 1996. 288 с.
5. Молотков А.И. Основы фразеологии русского языка. Л.: «Наука», Основы фразеологии. Ленингр. отд. 1977. 238 с.
6. Виноградов В.В. Избр. труды. Лексикология и лексикография. М.: «Наука», 1977. С.140-161.
7. Добрыднса Е.А. Коммуникативно-прагматическая парадигма русской фразеологии: Автореферат дисс. ... докт. филол. наук / ВГПУ: Волгоград, 2000. 224 с.
8. Будагов Р.А. Человек и его язык. 2-е изд., расшир. М.: Изд-во МГУ, 1976.
9. Сабыржанұлы Ж. Өкпелесен, өзін біл. Алматы, 2001.
10. Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. А., 1977ж. 711 б.
11. Алефиренко Н.Ф. Спорные проблемы семантики: Монография. Волгоград: «Перемена», 1999. 274 с.
12. Леонтьев А.А. Высказывание как предмет лингвистики, психолингвистики и теории коммуникации // Семантика текста. М., 1979.
13. Вакуров В.Н. Основные проблемы стилистики фразеологических единиц: Автореф. дисс. ... док. филол. наук. М., 1983. 48 с.
14. Тұрлыбек Д. Қазақы қалжыңдар – Алматы, 1999 ж.

А. Х. Азаматова

КОГНИТИВНЫЕ ПОДХОДЫ В ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ

Бұл мақалада терминологиялық зерттеулердің когнитивті жағы қарастырылады

Формирование когнитивного направления терминоведения было обусловлено не только внешними, общенаучными причинами, связанными с утверждением в языкознании антропоцентрической парадигмы, но и внутренними закономерностями развития терминоведения, определенными «эндогенными» терминоведческими предпосылками. Обращение к истории терминоведения свидетельствует о том, что появление этого нового направления оказалось закономерным этапом развития терминологии.

Произошедший в терминоведении в 70-х годах XX века переход от структурной парадигмы к структурно-функциональной сделал его открытым для многих принципиально новых идей в отношении своих главных понятий и категорий. Под влиянием развития лингвистики цели многих современных терминоведческих исследований изменились: от изучения специфики термина – основного аспекта традиционного рассмотрения – ученые перешли к его внутриязыковому анализу, концентрируя внимание вокруг выявленных противоречий – источника дальнейшего развития категории термина. В рамках функционального направления термин рассматривается уже не только как один из лингвистических объектов, но и как средство, с помощью которого можно изучать функциональную природу языка [1, 7]. При таком подходе термин – компонент динамической модели языка, диалектически сочетающей в себе стабильную знаковую систему и ее постоянное переосмысление, а терминология – одна из актуализированных частей целостного творческого процесса в области науки, где

присутствуют объективное и субъективное начала, консерватизм и новизна открытия. Более того, термин может быть рассмотрен как своеобразный коррелят некоторой ментальной операции, протекающей в сознании исследователя, и на этом основании в термине усматриваются субъективные свойства, представляющие в целом субъективный мир его создателя. Вместе с тем термин является универсальной языковой категорией, характеризующейся общими свойствами языкового знака [1, 37].

Таким образом, развитие функционального направления в терминоведении не только доказало неоспоримые преимущества перед его классификационно-структурной парадигмой, но и обусловило закономерный переход к антропоцентрическому направлению, которое включает в себя множество концепций сущности языкового творчества исследователей [1, 11].

В современных терминоведческих исследованиях подчеркивается сложная (неоднородная, многослойная) структура термина, предполагающая многогранность и многоаспектность терминологического анализа. В то же время традиционная связь терминологических исследований с науками о мышлении обеспечила базу для активного внедрения когнитивного подхода в терминоведение [Алексеева Л.М., Лейчик В.М., Новиков Л.А., Новодранова В.Ф.], поскольку «когнитивный подход к термину позволяет полнее, чем предшествующие подходы, раскрыть динамические характеристики термина в процессе его функционирования, то есть в тексте, показывая по-